



**Алматы қаласының мемлекеттік көші-қон саясаты бағдарламасын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IX сессиясының 2001 жылғы 4 сәуірдегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2001 жылғы 24 сәуірде N 325 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.11.30 № 253 ш е ш і м і м е н .*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1 тармағына және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы қаласының мемлекеттік көші-қон саясаты бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі шаралар бекітілсін, N 1, 2 қосымша.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қоғамдық келісім және рухани дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.Ж.Байсарина) және Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Х. Бижановқа жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының IX-сессиясының*

*төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

**II - с а й л а н ғ а н**

**Алматы**

**қалалық**

**Мәслихатының**

**2001**

**жылғы**

**4**

**сәуірдегі**

**IX**

**сессиясының**

**шешіміне**

**N 1 қосымша**

**Алматы**

**қаласы**

**мемлекеттік**

**көші-қон**

**саясатының бағдарламасы**

## КІРІСПЕ

Алматы қаласы көші-қон саясатының бағдарламасы 2000 жылғы 5 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы" N 1346 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес әзірленді. Осы бағдарламаны әзірлеу кезіндегі негізгі база мыналар: - этникалық қазақтарды тарихи отанына көшіру Тұжырымдамасында көрсетілген мақсат пен міндет, Қазақстан Республикасының мемлекеттік демография және көші-қон саясаттарының тұжырымдамалары; - 2001 жылдың басында Алматыда қалыптасқан көші-қон процестері. Осы бағдарламаның құрылымы мен мазмұны Қазақстан Республикасының Үкіметінің "Қазақстан Республикасында бағдарламалар әзірлеу Тәртібін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 мамырдағы N 789 Қаулысына сәйкес мазмұндалған.

## ПАСПОРТЫ

----- Атауы !Алматы қаласында мемлекеттік көші-қон саясаты тұжырымдамасын !іске асыру бағдарламасы ----- Мақсаты ! Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық қауіпсіз дамуын және !көшіп келушілер құқығын іске асыру бойынша барлық қажетті !жағдайдың жасалуын қамсыздандыратын тұрақты көші-қон !саясатын қалыптастыру ----- Міндеттері!- Сыртқы көшіп келу процесін қысқарту мен тұрақтандыру; !- Қала интеллектуалдық қуатының елден тысқары жерге кетуін ! тоқтату; !- Көші-қон процесін реттеу мен бақылау, оның ішінде: еңбек ! миграциясының жоспарлау мен басқару, заңсыз көші-қонмен ! "күрес"; !- Оралмандардың орналасуына, олардың қала "өміріне" көндігуіне ! және олардың әлеуметтік ортаға біртіндеп тартылуына ! жан-жақтап көмектесу; !- Босқындарға байланысты процестерді, олардың әлеуметтік ! ортаға тартылуын реттеу және олардың мемлекетке оралуы ! жөніндегі іс-әрекетіне жәрдемдесу. ----- Күтілетін !Келушілер құқығын іске асыру бойынша барлық қажетті нәтиже !жағдайларды жасауды қамсыздандыратын көші-қон саясатын !қалыптастыру. !Қала тұрғындарының осы интернационалдық құрамы қала !өміріне бейімделуі мен тартылуы үшін барлық қажетті жағдайды, ! қалайтын болса, алатын болады. Олардың күнделікті өміріндегі !негізгі өлшем Қазақстан Республикасы Конституциясы, !этно-мәдени дәстүрлер шегінде материалдық дәулетін, рухани !ізгіліктігін көтеру болып табылады. ----- Іске !Бағдарламаны екі кезеңде іске асыру көзделеді: асыру !1 кезең - 2001-2005 жж.; кезеңдері !2 кезең - 2005-2030

жж. !Осы бағдарлама мен шаралар жоспары негізінен 1-ші кезеңде ашық !  
нақтылайды. !2-ші кезең тұжырымдамалық сипатта берілген. -----

**1. Алматы қаласындағы көші-қон процестерінің қазіргі жағдайын талдау**

Алматы Қазақстан Республикасының ең ірі ғылыми, қаржы, өнеркәсіп, мәдени, спорт орталығы болып табылады. Қалада жеткілікті дамыған нарық инфрақұрылымы көлік байланысы мен коммуникацияның халықаралық және ішкі республикалық тармақталған желісі бар.

Жоғарыда көрсетілгендердің бәрі қалада болып жатқан көші-қон процесіне әсер етеді.

Алматыдағы көші-қон процестерін болашақ тұрғысынан қарау халықтың механикалық қозғалысы бойынша бұрын байқалған теріс бағыттардың соңғы жылдары қысқарғандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, Алматы қаласы халқы санының механикалық өсуі негізінен ішкі көшу есебінен болып отыр.

Сыртқы көші-қон таяу, сондай-ақ алыс шет ел бойынша әлі де жағымсыз болып отыр. 2000-шы жылы 7886 адам кетті, бұл 1999 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1,5 есе көп. Егер 1999 жылы республикадан тысқары жерде 8309 адам кетсе, 2000 жылы 10589 адам кетті (27,4 пайызға өсті). Ұлттық белгі бойынша қаладан негізінен орыстар, украиндер, немістер, еврейлер кетуде. Керісінше қазақтар, ұйғырлар, кәрістер, әзірбайжандар келуде. Қала аудандары бойынша негізгі көші-қоннан, Алмалы, Әуезов және Бостандық аудандарының үлесіне тиесілі 2000 жылғы қаңтар-желтоқсандағы көші-қон процесіне 43,8 адам тартылды, бұл 1999 жылмен салыстырғанда 33,1 пайызға артық (1 таблица).

1 Таблица ----- !Көші-қон сальдосы!Келгендер!Кеткендер -----  
----- Барлық ағын бойынша жиыны 2346 23069 20723 оның ішінде: Халықаралық миграция -7886 2703 10589 - ТМД елдерінен тыс -1844 155 1999 - ТМД елдері - 6042 2548 2590 Облыс аралық миграция 10232 20366 10134 -----  
----- 1999-2000 жж. еңбекке қабілетті жас тұрғысынан халықтың көші-қон ағынын салыстырмалы талдау 1999 жылы 2000 жылмен салыстырғанда еңбекке қабілетті жастағы келгендер санының өскендігін көрсетеді. (таблица 2) 2 Таблица Алматы қаласының еңбекке қабілетті жастағы адамдарының көші-қоны -----!  
2000 ж. ! 1999 ж. ! Өсу қарқыны % -----  
----- Еңбекке қабілетті жастан кішілер -----

----- Сальдо ! -250 ! +93 ! X -----  
 ----- Еңбекке қабілетті жастағылар -----  
 ----- Сальдо ! +3885 ! +5559 ! 69,9 -----  
 ----- Еңбекке қабілетті жастан үлкендер -----  
 ----- Сальдо ! -1289 ! -715 ! 180,3 -----  
 -----

Екінші таблицадан көрініп тұрғандай, 2000 жылы еңбекке қабілетті жастағы келушілер саны 1999 жылмен салыстырғандағы артқандығы байқалады. Сонымен қатар еңбекке қабілетті жастар үлкен адамдардың кетуі 2 есеге жуық көбейді. 1999 жылға қарағанда 2000 жылы еңбекке қабілетті жастағыдан кішілер көші-қонының жағымсыз сальдосы байқалды. Білім деңгейі бойынша көші-қон ағынын салыстырмалы таңдау білімділерін көбірек кеткендігін көрсетеді. Мысалы, 1999 және 2000 жж. жоғары білімді кеткен адамдар саны олардың келу бойынша үлесімен кемінде 10 пайызы асып түсті. Алматы қаласындағы көші-қон саласындағы қызметтің негізгі бағыты оралмандарға байланысты жұмыс болып табылады. 2000 жылы Алматы қаласында тұратын оралмандар саны 1835 адам немесе 496 отбасы болды (4 таблица). 4 таблица -----

----- N ! Келген елі ! Отбасы ! Жиыны ! Адам саны ! Жиыны ! !  
 саны ! бойынша % ! ! бойынша % -----  
 -----1 Монғолия 115 36,9 489 41,9 2 Қытай 188 60,3 644 55,1 3 Ауғанстан 2 0,6  
 6 0,5 4 Иран 2 0,6 10 0,9 5 Түркия 5 1,6 19 1,6 Алыс шетел жиыны 312 100 1168  
 100 6 Ресей 74 212 7 Өзбекстан 68 297 8 Түркменстан 14 70 9 Қырғызстан 6 14 10  
 Тәжікстан 19 63 11 Латвия 1 4 12 Украина 2 7 Жақын шетел жиыны 184 667  
 Барлығы: 496 1835 -----

Алыс шетелден келген оралмандардың ең көп саны Қытайға - 55,1 пайыз және Моңғолияға 41.30 пайыз тиесілі. Жақын шетел бойынша Өзбекстан мен Ресейден оралмандар көбірек келді. Олардың ішінде 2000 жылы 17 отбасы квота б о й ы н ш а .

Алматыдағы көші-қон саясатының негізгі бағыттарының бірі шетел аймақтарын қабылдау және оларға Қазақстан Республикасында босқындар мәртебесін беру туралы өтініштерді қарау бойынша жұмыс болып табылады. Босқындардың негізгі бұқарасы 1998 жылы ресми тіркеуден өтті. 2000 жылдың 1-ші қаңтарында Алматы бойынша босқын мәртебесін алғандар саны балаларды қоса алғанда 754 адам болды. Бұлар негізінен Ауғанстан Ислам Мемлекетінің (99 пайыз) азаматтары. Олардың көпшілігі бұрын өз елінде жоғары лауазым алғандар, бұрынғы КСРО республикалары жоғары оқу орындарында оқығандар. Ұлттық құрамы бойынша босқындардың негізгі құрамын Тәжіктер - 488 адам (64,7 пайыз), Пуштундар - 106 адам (14 пайыз), Хазарлар - 47 адам (6,2 пайыз), Өзбектер - 45 адам (5,9 пайыз) және өзге де ұлттар - 68 адам (9,0 пайыз) құрайды.

Өтініш бергендердің барлығына бірдей босқын мәртебесі берілмейді. 2000 жылы 108 отбасыға (146 адам) босқын мәртебесін беруден бас тартылды, 175 отбасы (308 адам) әртүрлі себеп бойынша есептен шығарылды, оның ішінде бұрын босқын болып танылған қатарындағы 57 отбасы (116) адам бар.

## **2. Алматы қаласындағы көші-қон саясатының мақсаты мен негізгі міндеті**

Жоғарыда мазмұндалған Алматыдағы көші-қон процесін талдауды ескере отырып, сондай-ақ Тұжырымдамада көрсетілген негізгі мақсат пен міндетке сәйкес Алматы қаласы көші-қон саясаты Бағдарламасының негізгі мақсаты қаланың әлеуметтік және экономикалық қауіпсіз дамуын және оралмандардың құқығын іске асыру бойынша барлық қажетті жағдайды жасау болып табылады.

Қала билік органдарының алдында тұрған мақсаттарға жету үшін мынадай м і н д е т т е р

т ұ р :

- сыртқы келу процесін қысқарту мен тұрақтандыру;
- қала интеллектуалдық қуатының елден тысқары кетуін болдырмау;
- көші-қон процестерін реттеу мен бақылау, оның ішінде еңбек көші-қонын жоспарлау мен басқару, заңсыз көші-қонмен "күрес".

## **3. 2001-2005 жж. Алматыдағы көші-қон саясатына негізгі бағыттары мен іске асыру механизмі**

### **3.1. К е т у д і қ ы с қ а р т у**

Қала азаматтарының елден тысқары кетуін қысқарту Алматыдағы көші-қон саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл бағыттағы негізгі құралдар мыналар:

- жыл сайын "Алматы қаласының эмиграциялық ауданының индикаторын" анықтау (социологиялық зерттеулер жүргізу және ұлты, жасы мен қала аудандары бойынша кетудің негізгі себептерін анықтау);

- "Біздің шетелдегі отандастарымыз", "Біз Алматыда тудық" және т.б. айдарымен теле-радио хабарларын өткізу.

"Ақыл-ойдың кетуін" қысқарту мақсатында әлемнің әртүрлі елдеріндегі өмір деңгейі, шетелдегі бұрынғы біліктілігі жоғары отандастарымыздың өмірі туралы әртүрлі ақпараттық түсінік хабарлары қарастырылатын болады.

### **3.2. К е л у д і р е т т е у м е н б а қ ы л а у .**

Алматы қаласына келу процесін реттеу мен бақылау жүйесі мына қосалқы

жүйелер бойынша жүргізілетін болады: Ішкі (облыс аралық) көші-қон, "Оралмандар", "Босқындар", "Еңбек және заңсыз келу" қосалқы жүйелері.

"Ішкі (облыс аралық) көші-қон" қосалқы жүйесі бойынша негізгі құралдар:

- әртүрлі тұрғыдан (жасы, кәсібі, келіп-кеткен жері бойынша) мәліметтердің ақпараттық банкісін жасау.

- жыл сайын "ішкі (облыс аралық эмигрант пен иммигрант портретін)" әзірлеу.

"Оралмандар" қосалқы жүйесі бойынша көші-қон саясатының негізгі құралдары:

- бейімдеу орталықтарын құру;

- оларды тұрғын үймен қамсыздандыру;

- жыл сайын "Оралмандарды еңбекке орналастыру, кәсіби оқыту, дербес тіршілігіне жәрдемдесу" бағдарламасын әзірлеу; - қала өміріне оралмандардың күндігуі мен тартылуына социологиялық зерттеу; - медициналық қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы мен жәрдемақы беру сияқты әлеуметтік көмекпен қамту; - барлық жағдайда азаматтық істі еңбек дауын және т.б. қоса алғанда құқықтық көмек көрсету; - оралмандар балаларының қала мектептерінде, колледждерінде, жоғары оқу орындарында көмектесу; - жыл сайын "Алматыдағы оралмандар күні" шараларын өткізу. "Босқындар" қосалқы жүйесі бойынша Алматыдағы негізгі көші-қон саясатының құралдары қосымша мыналарды қамтитын оралмандар үшін қарастырылатын барлық шаралар болып табылады: - Алматыда босқындар бойынша мәліметтердің ақпараттық банкісін құру; - уақытша орналастыру орталықтарын құру; - босқын балалар үшін арнайы мектептер ашу; - босқын мәртебесіне сәйкес барлық келушілерді жыл сайын бақылау; - босқындарға тарихи отанына оралуға жәрдемдесу;

- босқындардың туып-өскен елі болып табылатын мемлекеттердің көші-қон немесе өзге де қызметтерімен байланыс орнату. "Еңбек және заңсыз келу" қосалқы жүйесі бойынша көші-қон саясатының негізгі құралдарымен алады: - еңбек көші-қон ішінде келген шетел жұмысшыларының қызметін лицензиялау; - "Заңсыз иммиграцияны бақылау жүйесін" әзірлеу. Жоғарыда мазмұндалғандар 2001-2005 жылдарға арналған негізгі шаралар болып табылады. Алматыдағы көші-қон саласындағы ұзақ мерзімді болашақтағы негізгі шаралар мыналар: - Алматыдағы халықты қоныстандырудың экономикалық нормативтерін әзірлеу; "Демографиялық оптимумды" қамсыздандыру мақсатында Алматының көші-қон саясатын әзірлеу. 4. Бағдарламаны іске асыру бойынша қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері Алматыдағы көші-қон саясатының Бағдарламасын іске асырудың негізгі қаржы көздері: - әртүрлі мамандандырылған және халықаралық қорлардың, оның ішінде ХКБ, БҰҰ ДКББ; - қала жұмыс берушілері мен азаматтарының қайырымдылық аударымдары; - өзге де көздер. 5. Бағдарламаны

іске асырудан күтілетін нәтиже

2030 жылы бағдарлама шараларының іске асыру нәтижесінде Алматыда қаланың әлеуметтік және экономикалық қауіпсіз дамуының және оралмандар құқықтарын іске асыру бойынша барлық қажетті жағдайлар жасалуын қамсыздандыратын тұрақты көші-қон саясаты жасалуы тиіс.

Қала тұрғындарының осы интернационалдық құрамы қала өміріне бейімделу мен күндігуі үшін барлық қажетті жағдайларды алатын болады. Халықтың күнделікті өміріндегі негізгі өлшемдер этно-мәдени дәстүрлер, Қазақстан Конституциясы шегінде салауатты өмір салты және материалдық игілікті, рухани ізгілікті көтеру болып табылады.

### Г л о с с а р и й

1. Демографиялық оптимум - жастық топ пен жыныс бойынша топтастырылған ел, аймақ, халқының жыныстық-жастық құрамы. 2. Механикалық қозғалыс - халықтың кетуіне, келуіне және ел ішінде ауысуына негізделген халық санының өзгерісі. 3. Көші-қонның жағымсыз сальдосы - кетушілер келушілерден асып түседі. 4. Сыртқы көші-қон - халықтың басқа елдерге көшуі. 5. Ішкі көші-қон - халықтың ел ішіндегі ауысуы. 6. Халықаралық көші-қон ұйымы. 7. Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ Жоғары комиссарының басқармасы БҰҰ (БЖКБ).

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының IX-сессиясының*

*төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

**І І - с а й л а н ғ а н**

**Алматы**

**қалалық**

**Мәслихатының**

**2001**

**жылғы**

**4**

**сәуірдегі**

**IX**

**сессиясының**

**шешіміне**

**№ 2 қосымша**

**Бағдарламаның іске асыру шараларының жоспары**

-----  
N ! Шаралар ! Орындауға ! Мерзімі ! Аяқталу ! Қаржыландыру ! ! жауаптылар ! ! саны ! көзі -----Сыртқа келуді төмендету 1 "Алматыдағы кету көңіл- Көші-қон және 4-ші Үлгі Жергілікті

күйінің индикаторын" демография тоқсан анкета бюджет әзірлеу басқармасы, 2001 ж. қорлар мен қоғамдық ұйымдар 2 "Біздің шетелдік Қалалық БАҚ, Тұрақты Теле-радио Жергілікті отандастарымыз", көші-қон хабары бюджет, "Біз Алматыда тұрамыз" және ҚИҚ және т.б. айдарымен демография теле-радио хабарларын басқармасы өткізу 3 Өртүрлі елдердегі Қалалық БАҚ, Тұрақты Теле-радио Жергілікті өмір деңгейі, көші-қон хабары бюджет, шетелдегі бұрынғы және ҚИҚ отандастарымыздың демография өмірі туралы басқармасы ақпараттық түсінік хабарлары 4 "Алматыдағы келу Көші-қон және Жыл Қысқаша Жергілікті индикаторын" анықтау демография сайын талдама бюджет бойынша социологиялық басқармасы, есеп зерттеулер қорлар мен қоғамдық ұйымдар 5 Шетелге кетушілер Көші-қон және Тұрақты Буклет Жергілікті үшін қайта оралу демография бюджет құқығы, кепілдігі мен басқармасы мүмкіндігі туралы ақпарат пен "Алматы менің қалам" буклетін әзірлеу Келуді бақылау мен реттеу " Ішкі (облыс аралық) көш-қон" 6 Ішкі көші-қон бойынша Көші-қон және Жыл Мәліметтер Жергілікті мәліметтердің демография сайын банкі бюджет ақпараттық банкісін басқармасы, жасау статистика басқармасы, көші-қон полициясы басқармасы 7 "Ішкі (облыс аралық) Көші-қон және Жыл Қысқаша Жергілікті келуші мен кетуші демография сайын талдау бюджет портретін жасау " басқармасы есебі Оралмандар 8 Бейімдеу орталығын құру Алматы қаласы 2001 ж. Бейімдеу Жергілікті әкім аппараты орталығы бюджет, Көші-қон және республикалық демография бюджет басқармасы 9 Оралмандарды тұрғын Көші-қон және Жыл Тұрғын Республикалық үймен қамсыздандыру демография сайын үй бөлу бюджет басқармасы 10 Жинақы қоныстану үшін Сәулет және Жыл Жер Жергілікті жеке тұрғын үй қала құрылыс сайын учаскесін бюджет, тұрғысына жер департаменті, бөлу республикалық участкесін бөлу жер ресурсын бюджет басқару комитеті Көші-қон және демография басқармасы 11 Оралмандардың қала Көші-қон және Тұрақты Талдау Жергілікті өміріне бейімделу мен демография есебі бюджет, тартылуына басқармасы қор социологиялық зерттеу және қорлар бюджеттері мен қоғамдық ұйымдар 12 Медициналық Еңбек, Жергілікті қамсыздандыру, жұмыспен қамту бюджет әлеуметтік сақтандыру, және халықты зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақы беру сияқты қорғау әлеуметтік көмектер департаменті көрсету Көші-қон және демография басқармасы 13 Барлық жағдайда Құқық қорғау Әлеуметтік Жергілікті азаматтық істер, еңбек жөніндегі қамсыздандыру бюджет дауы және т.б. құқықтық қалалық дыру көмегін көрсету органдар Көші-қон және демография басқармасы 14 Оралмандар балалары Көші-қон және Балаларды Жергілікті қала мектептері, демография оқыту бюджет колледждері мен жоғары басқармасы оқу орындарына оқуға жәрдемдесу 15 "Алматыда оралмандар Көші-қон және Жыл Шаралар Жергілікті күнін" өткізуде демография сайын бюджет басқармасы 16



Алматыда босқындар Көші-қон және Тұрақты Мәліметтер Республикалық бойынша мәліметтердің демография банкі бюджет, ақпараттық банкісін басқармасы БҰҰ БЖКБ жасау 17 Уақытша қоныстандыру Көші-қон және 2003 ж . Орталық Республикалық орталығын құру демография бюджет, басқармасы БҰҰ БЖКБ Алматы әкімінің аппараты 18 Босқындардың балалары БҰҰ, БЖКБ, 2001 ж. Мектеп БҰҰ, БЖКБ үшін арнайы мектеп ашу Көші-қон және демография басқармасы 19 Босқындар мәртебесіне БҰҰ, БЖКБ, Тұрақты Есеп БҰҰ, БЖКБ, сәйкес бүкіл босқынды Көші-қон және бақылау демография басқармасы 20 Босқындардың тарихи БҰҰ, БЖКБ, Тұрақты Есеп БҰҰ, БЖКБ, отанына оралуына Көші-қон және Жергілікті жәрдемдесу демография бюджет басқармасы 21 Босқындар келген БҰҰ, БЖКБ, Тұрақты Ақпарат БҰҰ, БЖКБ, елдердің көші-қон Көші-қон және ХКБ немесе басқа да демография қызметтерінен байланыс басқармасы орнату "Еңбек және заңсыз келу" 22 Еңбек миграциясы Көші-қон және Тұрақты Лицензия Жергілікті шегінде келген шетел демография бюджет жұмысшыларының басқармасы, қызметін лицензиялау экономика жөніндегі комитет 23 "Заңсыз келуді бақылау Ішкі-істер 2002 ж. Бақылау Жергілікті жүйесін" әзірлеу басқармасы ҰҚК жүйесі бюджет Көші-қон және демография басқармасы -----

- - - -

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының IX-сессиясының  
төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*